

Қазақстан Республикасының оңтүстік облыстарында жүгері өсірудің ауыл шаруашылық технологиялық жобасын жүзеге асыру туралы<*> ЕСКЕРТУ.
Қаулының мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен. ~P961031

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 наурыздағы N 328. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Республикада тауарлы жүгері өндіруді арттыру және агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарының жүгері дәніне, оны шет ел кредиттерін тарту жолымен өндіру үшін ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығына деген қажетін қанағаттандыру мақсатында, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел капиталын тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 U952035_ Жарлығына, "Қазақстан Республикасына шет ел кредиттерін тарту жұмыстарын тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 ақпандағы N 139 P950139_ қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 13 қаңтардағы N 16 өкімі негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы мен "Транс-Кемикл" корпорациясы (АҚШ) арасында 100 мың гектар алқапта жүгері өсірудің инвестициялық жобасын жүзеге асыру үшін техника, жабық, химикаттар мен тұқым беруге, сондай-ақ агротехникалық қызмет көрсету жөнінде 87 (сексен жеті) млн. АҚШ долларына жасалған контракт мақұлданын.

2. "Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы жоба жөніндегі бас импортер және жабдық, техника, технология, тұқым және химикаттар алушылардың міндеттемесі жөніндегі үйлестіруші болып белгіленсін.

"Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Экономика министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы шет ел

капиталын пайдалану жөніндегі комитетке және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісіне жабдық, техника, технология, тұқым және химикаттар алушы кәсіпорындар мен ұйымдар тізімін кредит жөніндегі тиісті міндеттемелерімен қоса табыс етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі осы жобаны Басым инвестициялық жобалар мен сатып алынатын тауарлардың индикативті тізбесіне енгізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 ақпандағы N 139 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігімен берілетін шетелдік инвестициялық және тауарлық кредиттерді тарту, пайдалану және оларды есепке алу жұмыстарын ұйымдастыру туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының кепілдігін беру туралы келісім жасассын; осы жоба бойынша жабдық, техника, технология, тұқым және химикаттар беруге жасалған контрактіге сәйкес АҚШ-тың кредит беруші банкісімен жеке кредиттік келісім жасассын;

тауар алушы шаруашылықтармен ішкі кредиттік келісім жасассын; берешектің уақтылы төленуін қамтамасыз ету жөнінде кредиттік келісімнің күшін тоқтатуға дейін қажетті шаралар қолданатын болсын; төлем мерзімі өтіп кеткен жағдайда техника, технология, тұқым және химикаттар алушы кәсіпорындар мен ұйымдардың банктегі шоттарынан теңге мен валюта қаражатын берешекті өтеу есебіне жатқызуға рұқсат етілсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің міндеттемелері негізінде осы жоба бойынша кредит беруші банкке тиісті Үкіметтік кепілдік беретін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет, облыс әкімдері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі және "Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына жобаны тиімді жүзеге асыру үшін шешілуі қажет барлық мәселелер бойынша ұсынысты уақтылы енгізсін.

7. Облыс әкімдеріне, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке және "Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясына жобаның жүзеге асуын және кредит бойынша төлемдердің уақтылы жасалуын бақылау жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрі
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК